

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және алынған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі N 704 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2005 жылғы 18 қаңтарда Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және алынған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және алынған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы КЕЛІСІМ <*>

(2005 жылғы 17 тамызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2007 ж., N 2, 12-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

екі мемлекеттің арасындағы достық қатынастарды негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартты, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды қорғаудың маңыздылығын сезіне отырып,

Тараптардың күшін үйлестіру және екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында зияткерлік қызметтің нәтижелерін пайдалану кезінде құқық бұзушылықтарға жол бермеу және олардың жолын кесу үшін тиімді шаралар қабылдау қажеттілігін н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,

тең және өзара тиімділік қағидаттарын негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім мақсаты үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

"әскери-техникалық ынтымақтастық" - әскери мақсаттағы өнімдерді әкетуге және әкелуге, оның ішінде жеткізуге немесе сатып алуға, сондай-ақ оны әзірлеуге, өндіруге, жаңғыртуға және жөндеуге байланысты халықаралық қатынастар саласындағы қызмет;

"зияткерлік меншік" - 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қол қойылған, 1979 жылғы 2 қазандағы өзгерістерімен Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құрушы Конвенцияның 2-бабында көрсетілген мағынада ұғынылады;

"ақпарат" - Тараптардың екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастығы барысында жасалған шарттардың нысанына, олардың орындалуына және/немесе олардың ұсынылу нысанына қарамастан, осы Келісімді жасасқаннан кейін алынған нәтижелерге қатысты тұлғалар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы мәліметтер;

"құпия ақпарат" - өзінің үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нағыз немесе ықтимал коммерциялық құндылығы бар, оған заңды негізде еркін қол жетпейтін және иеленушісі оның құпиялылығын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайтын әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы ақпарат;

"әскери мақсаттағы өнім" - қару-жарақ, әскери техника, құжаттама, жұмыстар, қызметтер, зияткерлік қызметтің нәтижелері, оның ішінде оларға айрықша құқық (зияткерлік меншік) және екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастыққа жататын а қ п а р а т ;

"зияткерлік қызметтің нәтижелері" - зияткерлік меншік, сондай-ақ екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысындағы бірлескен ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар жүргізу кезінде алынған техникалық (нормативтік-техникалық, конструкторлық, жобалық, технологиялық, пайдалану, бағдарламалық, нұсқаулық-әдістемелік) және ғылыми-техникалық құжаттамада қамтылған конструкторлық, техникалық және технологиялық шешімдер;

"зияткерлік қызметтің пайдаланылатын нәтижелері" - құқықтары Тараптардың бірінің мемлекетіне немесе оның әскери-техникалық ынтымақтастығының субъектілеріне тиесілі және екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында жасалған шарттарды (келісім-шарттарды) орындау үшін қажетті зияткерлік меншік;

"зияткерлік қызметтің алынған нәтижелері" - екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында бірлесіп жасалған зияткерлік қызмет нәтижелері;

"әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері" (бұдан әрі - "субъектілер") - Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес әскери мақсаттағы өнімге қатысты сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру құқығы берілген Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаты Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және/немесе алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

3-бап

Тараптардың екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастығы барысында пайдаланылатын және/немесе алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастығы:

екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және/немесе алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауға байланысты мәселелерді келісу;

жоғарыда көрсетілген салада құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасы шеңберінде Тараптардың сұратуы бойынша зияткерлік меншікті пайдалану тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді табыс ету;

зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғау мәселелері бойынша тәжірибе алмасу және зияткерлік меншік объектілеріне сараптама жасау рәсімдерін біріздендіру мүмкіндіктерін талқылау;

ынтымақтастықтың Тараптармен келісілген басқа да нысандарын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

4-бап

Тараптар және/немесе субъектілер келісілген шарттар бойынша, Тараптар мемлекеттерінің және/немесе субъектілердің әрқайсысының алынған зияткерлік меншікке қосқан үлесін ескере отырып, зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды бөлу тәртібі туралы уағдаласады.

5-бап

Осы Келісімге сәйкес екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында шарттарды (келісім-шарттарды) жасасу кезінде:

Тараптар мемлекеттеріне және/немесе субъектілерге тиесілі зияткерлік меншікті қоса алғанда, бірлесіп орындалатын жұмыстарға Тараптар мемлекеттерінің және/немесе субъектілерінің әрқайсысының қосқан үлесі;

Тараптар мемлекеттерінің және/немесе субъектілердің алынған зияткерлік қызмет нәтижелерін құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге ниеттері, міндеттемелері және мүмкіндіктері;

алынған зияткерлік қызмет нәтижелерінің Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында, сондай-ақ үшінші мемлекеттердің аумақтарында болжамды пайдаланылуы;

басқа Тарап мемлекеті және/немесе субъекті алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді бұзған

жағдайда бір Тарап мемлекетінің және/немесе субъектісінің құқықтары;
Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының және/немесе субъектінің құпия ақпаратты пайдалануға құқықтары және Тараптар мемлекеттерінің және/немесе субъектілердің оны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері;
осы Келісімді іске асыру шеңберінде алынған ақпаратты беру, алмасу және жариялау шарттары мен тәртібі ескеріледі.

6-бап

Егер Тараптардың бірі және/немесе субъект екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында жүзеге асырылатын қандай-да бір бірлескен жоба құқықтары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен қорғалмайтын зияткерлік қызметтің осындай нәтижелерін жасауға әкеп соқтырады немесе әкеп соқтырды деп пайымдаса, онда Тараптардың уәкілетті органдары және/немесе субъектілер оларды қорғау мәселелері жөнінде дереу консультациялар өткізеді.

7-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:
Қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;
Ресей Тарабынан - Ресей Федерациясы Әділет министрлігі болып табылады.
Уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне уақтылы хабарлайды.

8-бап

Тараптардың әрқайсысы және/немесе субъект Тарап мемлекетінің заңнамасына, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері қатысатын халықаралық шарттарға сәйкес әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және алынған зияткерлік қызмет нәтижелерін қолданып жасалған әскери-мақсаттағы өнімді басқа Тарап мемлекетінің келісімінсіз, өз мемлекетінің аумағынан, үшінші мемлекеттердің аумағында өндірудің, сондай-ақ таратудың жолын кесу үшін алдын ала шаралар қабылдайтын болады.

9-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және Ресей Федерациясының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерді өзара беру және қорғау тәртібі жеке келісіммен айқындалады.

10-бап

Субъектілер өзара уағдаластық бойынша шарттарды (келісім-шарттарды) іске асыру барысында алынған зияткерлік қызмет нәтижелерін бірлесіп құқықтық қорғау, не оларды құпия ақпарат режимінде сақтау мүмкіндігін айқындайды.

Зияткерлік қызмет нәтижелеріне қорғау құжаттарын беруге өтінім беру кезегін анықтау кезінде субъектілер мыналарды басшылыққа алады:

Қазақстан Республикасында алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне қорғау

құжаттарын беруге өтінімдер алдымен Қазақстан Республикасының зияткерлік меншікті қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органына беріледі;

Ресей Федерациясында алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне қорғау құжаттарын беруге өтінімдер алдымен Ресей Федерациясының атқарушы өкіметінің зияткерлік меншік жөніндегі федералды органына беріледі.

Зияткерлік қызмет нәтижелерін құқықтық қорғау шарттары әскери мақсаттағы өнімді бірлесіп әзірлеу шарттарында ескертіледі.

11-бап

Осы Келісім шеңберінде қызметті жүзеге асыруға байланысты туындайтын дауларды Тараптар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

12-бап

Тараптар алынған зияткерлік қызмет нәтижелерін, оның ішінде оларға айрықша құқықтарды беруді Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

13-бап

Тараптар мемлекеттерінің бірінде құпия деп танылған ақпарат басқа Тарап мемлекетінде өзінен-өзі осындай деп қаралады.

14-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

15-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

16-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және, егер Тараптардың бірі Келісімнің кезекті қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы оның қолданылуын тоқтату туралы өз ниетін жазбаша хабарламаса, келесі бес жылдық мерзімге ұзартылады.

Егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, осы Келісімнің қолданылуының тоқтатылуы осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатын аяқталмаған міндеттемелердің орындалуын қозғамайды.

2005 жылғы 18 қаңтарда Мәскеу қаласында, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясы

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК